

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚТӨБЕ



1924-2024

ЖЫЛ

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



4 870220 330029

РУХАНИЯТ ДҮНИЕСІНІҢ ДЕМ БЕРУШІСІ

Келдібай ағаның негізгі мамандығы мал маманы болғанымен, руханият әлемінің жоқтаушысы, игілікті де ізгілікті істердің дем берушісі ретінде жиі көрінетін.

Соның басты бір мысалы мынадай-тұғын.

Ел Тәуелсіздігін бәріміз бірдей қуана қарсы алып, қиял-ғажайып ертегідегідей күй көшіп, төбеміз көкке жетіп, көбіне құр шапқылап жүргенімізде ол Алматы қаласынан Мемлекеттік рәмізіміздің бірі — көк Туды әлпештеп орап әкеліп, Ақтөбедегі Кеңестер үйінің төбесіне өз қолымен орнатты. Бұл 1992 жылдың жаз айы еді.

Бұл жаңалықты көзімізбен көргенімізге бәріміз тағы масаттандық, бірақ кімнің ісі екенін білгеніміз жоқ сол сәтте.

Оның батыл араласқан тағы бір тірлігі — қазақ тілінің мәртебесін көтеруге қатысты болатын. Ол егемендігіміздің елең-алаңында қоғамдық негізде Ақтөбе қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы қызметін атқарды. Қалада қазақ мектептерінің ашылуына ұйытқы болды. Бұл ретте ең алдымен қандастарымыздың ар-намысына қозғау салды. Сондай-ақ қазақша балабақшалардың көбеюіне көңіл бөліп жүрді.

Мұнымен де тоқталмады. Елдіктің өңгімесін кеңінен өрістетуге, қазақы қалпымызды жаңғыртуға үлес қосу үшін өзінің жеке қаражатына республикалық деңгейдегі «Елім-ай» деп аталатын газетті дүниеге әкелді. Бұл басылымның әсіресе облыс орталығында кеңінен таралуын басты назарда ұстады. Өйткені ол үшін ұзақ жылдар орысша тәрбиеленіп, орысша ұғымға ұйып тұратын бауырларымыздың бері бұрылып, тұғырын қайта тануы, турасын айтқанда «Елім-айлап» тұрғаны маңызды еді. Сол кезде «Елім-ай» газеті мол таралыммен шықты және мазмұны да ерекшеленіп тұратын. Басылым бетінде тың тақырыптар қозғалды, батыл ұсыныстар, жаңа идеялар жиі айтылатын. Ол газет жұмысын ұйымдастырып қана қойған жоқ, өзі де публицистикалық мақалаларын, оқырманға арнауын, бірқатар түйінді мәселелерде ту-

ра сөзін жариялап отырды. Бұл жазбалары батыл ойымен, тосын тұжырымымен ерекшеленетін.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары қуғын-сүргін құрбаны болған атақты ақын Әкімәлі Қаржауовтың есімін ел жадында қайта жаңғыртып, оның шығармашылығын оқырмандарымен табыстыруға ұйытқы болғандардың қатарында осы Келдекең басқаратын «Елім-ай» газеті де болды.

Арқалы ақынның:

Ақ сұңқар құстай ұша алмай,

Ұмтыла түсіп құладым.

Төбәттер тартып құлатты-ау,

Арқаның киік құланын, — деген сарындағы өлеңдерін жариялау арқылы оқырманының ойын оятуға, намысын қозғауға ұмтылды.

Келдібай ағаның баспасөзді қозғаушы құрал ретіндегі бағалау ниеті одан әрі жалғаса түсті. Сондықтан да одан кейінгі уақытта «Отан Елім-ай», «Нартөуекел» газеттерін шығарды. Бұл басылымдар да заман ағымына сай ұлттық мүддені алға ұстанды, кей сәттерде осы жолда батыл айқасқа шықты, өзіндік ұстанымын танытты.

Оның шығарған әр газетінің кезең-кезеңімен атқарылар өзіндік бағыт-бағдары, мақсат-жоспары болған сияқты сезіледі кейде. Бірақ бәріне ортақ бір идея — тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіту, елдігімізді нығайту екендігі анық-ты.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі ретінде баспасөзде осындай белсенді қызметтер атқарды. Оның қаламгерлік қайратты белсенділігі ескерусіз қалған жоқ. Оған Қазақстан журналистикасының қайраткері атағы берілді.

Баспасөзге қатысты әңгіме болғанда мына жай ойыма орала береді. 1991 жылдың бірінші қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің апталық газеті «Дала дидары» (кейін «Ауыл» деп аталды) деген атпен Алматыда жарық

көре бастады. Ауылдың экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуы, ауыл тұрғындарының жағдайлары, тұрмыстық ахуалы және басқа да өзекті мәселелерді қозғаған басылымның қажеттілігін жақсы түсінген Келдібай Еспағамбетұлы облыс аумағында сала қызметкерлерінің, ауыл тұрғындарының газетке жазылуына ерекше жанашырлық жасады. Өз қаржысына да біраз адамды жаздырған кезі болды. Сонымен қатар ол газеттің белсенді авторы ретінде көптеген мақалалар жазды, маңызды проблемаларды қозғады.

Облыстық «Ақтөбе» газетінде «Малшының мың бір мұқтажы» деген тақырыпта үлкен өңгіме қозғалған тұста Келдібай аға осы саланың білікті де тәжірибелі маманы ретінде «Осы шаруа алдында қарыздармыз» деп өзінің тұшымды ой-ұсыныстарын білдірді. Әсіресе еңбек адамына көрсетілетін қамқорлықтың кемшіндігін, азға қанағат тұтып үйренген малшы қауымының көп игіліктен қағыс қалып келе жатқанын нақты мысалдармен, дәйекті дәлелдермен келтірді.

Келдібай аға облыстық телеарна төрінде жиі көрінетін. Күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселелерді батыл қозғайтын, ой-пікірлерін жүйелі, жеткізе айта білетін. «Ақтөбе — айтыстың астанасы» аталған осы өңірде өнердің демеушісі болып, ұйымдастырғаны да есімізде. Жалпы алғанда оның меценаттық қызметі руханият саласында айқын байқалды.

...Келдібай ағаны мен танығалы жарты ғасырға жуықтаған екен. Сонау жетпісінші жылдардың ортасында мектеп бітірген бойда Шалқар ауданы «Сарыбұлақ» совхозында «Жалын» қой есіруші комсомол-жастар бригадасы құрамында еңбек етіп жүргенімде ол облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан іссапарға келген. Сол сәттегі жас шопанның ат үстінде қонышына «Жұлдыз» журналын қыстырып жүргенін ұмытпай, өмірден өткенінше айтып жүретіні бүгінде ойыма жиі оралады...

Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.



ЕЛ АЗАМАТЫНА — ЕЛЕУЛІ ҚҰРМЕТ

**Белгілі қоғам қайраткері, мемлекеттік қызмет ардагері,
«Құрмет» орденінің иегері, Ақтөбе облысының құрметті азаматы,
Ақтөбе облысына еңбегі сіңген төсбелгісінің иегері,
облыстық мәслихаттың бірнеше дүркін депутаты,
ҚР Ауыл шаруашылығы саласының құрметті ардагері
Келдібай Еспағамбетұлының өмірден өткеніне жыл
болуына байланысты еске алу шарасы.**

**I. Қоғам қайраткері Келдібай Еспағамбетұлының өзі тұрған
үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылады.**

Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 58-үй.

2024 жылғы 27 сәуір, сағат 10.00.

**II. Облыстық тарихи-өлкетану музейінде (Ораз Тәтеұлы көшесі)
Келдібай Еспағамбетұлының өмірі мен еңбек жолына арналған
«Ел сенімін еңбегімен ақтаған» атты көрменің ашылуы.**

Сағат 11.00.

**III. Ақтөбе қаласы Ағайынды Жұбановтар көшесіндегі
«Құрмет-холл» мейрамханасында
Келдібай Еспағамбетұлының рухына бағыштап ас беру.**

Сағат 12.00.